Н.4-115

Бекітемін
ЖЖМ деканы
___28.08.___ 20_21_ ж.

Құрастырушы: х.ғ.к., доцент Туркбенов Т.К. ______

ББ 6В01540 Химия, 6В01541 Химия - Биология

**Әдістемелік нұсқау**

Психологиялық-педагогикалық практикасынан өту бойынша
6В01540 Химия, 6В01541 Химия – Биология ББ оқушыларына арналған

**ББ комитетінің отырысында ұсынылды**
20_21_ ж. _28 тамыз_ № _1_ хаттама

ББ жетекшісі ______________ Р. Мұқанова

ЖЖМ Кеңесінде мақұлданды
20_21_ ж. _28 тамыз_ № _1_ хаттама

ЖЖМ Кеңесінің төрағасы ______________

# 1 ТҮСІНІК ХАТ

Психологиялық-педагогикалық практика ЖОО студенттерін кәсіби даярлаудың үздіксіз жүйесінде кезекті кезең болып табылады. Бұл практика түрін тағайындау – психология-педагогикалық бағыттағы пәндерді оқу барысында студенттердің қалыптасқан білімдері мен біліктерін іс жүзінде қолдануына көмек көрсету.

Практиканың теориялық негізділігі және ғылыми ұйымдастырылуы, оқыту мен тәрбиелеу сипаты, жүйелілігі және бірізділігі, оның мазмұнына кешенді түрде қараушылық психологиялық - педагогикалық практика тиімділігінің негізгі шарттары болып табылады.

2 курс студенттерінің **психологиялық-педагогикалық практикасы** білім алушыларда тұрақты қызығушылықты және педагог мамандығына деген оң көзқарасты тәрбиелеуге, оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу рәсімдерімен практикалық танысуға, сабаққа (тәрбиелік іс-шараларға) психологиялық-педагогикалық талдау жасай білуді қалыптастыруға бағытталған.

# 2 ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**2.1 Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты** студенттерді кәсіби салада бейімделуге қажетті құзыреттіліктерді алу үшін кәсіпорынның немесе ұйымның әлеуметтік ортасына тарту болып табылады.

**2.2 Психологиялық - педагогикалық практиканы өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:**

- психологиялық бақылау құрылымының негізгі ерекшеліктерін, педагогтың педагогикалық үрдістің түрлі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін білу;

-сынып пен жекелеген оқушыларға психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүргізе білу;

- дидактикалық, психологиялық аспектілерде оқу - тәрбие үрдісін жоспарлау және талдау;

- сыныпта тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, оның нәтижелерін бағалау, оның рефлексиясын жүзеге асыру;

- білім беру мекемесінде заманауи АКТ, смарт және стем-технологияларды, оқыту стратегияларын (сыни ойлау, функционалдық сауаттылықты дамыту, үштілділік, коллаборативтік оқыту, өздігінен білім алу және өзін - өзі жетілдіру, критериалды бағалау) қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздерін қолдану;

- білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолдану;

- білім алушылардың әлеуметтенуі мен кәсіптік өзін-өзі анықтау процестерін педагогика негізінде жүзеге асыру;

- білім алушы тұлғасының психологиялық - педагогикалық сипаттамасын құру.

# 3 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

## 3.1 Студенттердің психологиялық-педагогикалық практикасының мерзімі мен ұзақтығы

Психологиялық - педагогикалық практика теориялық оқытудан қол үзіп жүргізіледі. Студенттер практиканың осы түрін екінші семестрде өтуі жоспарланған.

Пререквизиттері: «Педагогика», «Психология», «Жас ерекшелік физиологиясы және адам психологиясы», «Инклюзивті оқыту».

**Практикадан өту орны:** әр түрлі үлгідегі білім беру мекемелері (ЖОМ және т.б.).

## 3.2 Практиканың өткізілу кезеңдері

| № | Кезеңі | Мазмұны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | | | 2 апта (10 күн) |
| 1 | Даярлық | 1) Ұйымдастыру конференциясы. Студенттерді психологиялық-педагогикалық практикаға жіберу туралы ректордың бұйрығымен танысу. Студенттік практиканың мазмұны және функционалдық міндеттері туралы. Оқу құралдарының көрмесі (қажет болған жағдайда).<br>2) Студенттердің практика кезіне жеке жұмыс жоспарын құруы. | Практика басталудан 3-7 күн бұрын |
| 2 | Негізгі | 1) Білім беру мекемесінің әкімшілігімен және педагогикалық ұжымымен танысу;<br>2) Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасымен және жалпы құжаттарымен танысу. | 1-2 күн |
| | | 3) Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) психологиялық-педагогикалық жұмысының мазмұнымен танысу. Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша сынып жетекшісінің қызметімен және құжаттарымен танысу.<br>4) Пән мұғалімінің психологиялық-педагогикалық жұмысының мазмұнымен танысу. Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша пән мұғалімінің қызметімен және құжаттарымен танысу.<br>5) Мұғалім мен оқушы қызметін бақылау. | 3-6 күн |
| | | 6) Білім алушыны бақылау және психологиялық-педагогикалық мінездеме беру.<br>7) Білім алушы ұжымын бақылау және психологиялық-педагогикалық мінездеме беру.<br>8) Сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасау. | 7-9 күн |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Қорытынды | 1) Есеп құжаттарын даярлау – есеп құжаттарын редакциялау (әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес).<br>2) Есеп құжаттарын тексеруге тапсыру. | 10 күн |
| | | 3) Комиссия мүшелерінің алдында педагогикалық практика есебін қорғау.<br>4) Тәжірибе нәтижелері бойынша қорытынды конференция. | Практика аяқталғаннан кейінгі апта |

## 2 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА МАЗМҰНЫ

**4.1 Психологиялық-педагогикалық практикадан өтуші студенттер келесі жұмыс түрлерін атқаруы тиіс:**

**1) Зерттеу:**

- оқу - тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы мен жай - күйін әр түрлі қырынан зерттеу;

– сынып жетекшісі (тәрбиеші) мен пән мұғалімінің психологиялық-педагогикалық қызметінің жүйесі;

– оқушылардың жеке ерекшеліктерін.

**2) Қатысу:**

– пән мұғалімі сабағына дидактикалық материалдарды дайындауға;

– мамандық бойынша сыныптан тыс әр түрлі ұйымдастыру шараларын өткізуге;

– білім алушылар ұжымы мен мекеменің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес тәрбие істерін жүзеге асыруға.

**3) Жүзеге асыру:**

– Сабаққа психологиялық -педагогикалық талдау жасау;

– Тәрбиелік және пән бойынша сыныптан тыс іс-шараларға талдау;

– Оқушының жеке тұлғасына психологиялық-педагогикалық сипаттама;

– Білім алушы ұжымына психологиялық - педагогикалық сипаттама.

**4.2 Студенттерінің психологиялық - педагогикалық практика кезіндегі тапсырмалар мазмұны**

| 2 апта | Жұмыс түрі | Тапсырма мазмұны | Ұйымдастыру формасы мен әдістері |
|---|---|---|---|
| 1-күн | Ұйымдастыру жиналысы | 1) Білім беру мекемесінің әкімшілігімен және педагогикалық ұжымымен танысу<br>2) Практиканттарды белгілі сыныпқа, (топқа), сынып жетекшісіне (тәрбиешіге), пән мұғаліміне бекіту<br>3) Білім беру мекемесіне экскурсия.<br>4) Мекеменің арнайы сайтын зерттеу. | 1) Күнделік беттерін толтыру |
| 1-күн | Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық | 1) Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасымен: оқу кабинеттерімен, арнайы кабинеттермен, концерт залымен, техникалық | 1) Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | базасымен, құрылымымен танысу | жабдықтарымен және оның мүмкіндіктерімен танысу;<br>2) Білім беру мекемесінің санитарлық-гигиеналық шарттарымен танысу;<br>3) Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық жабдықталуына сипаттама жасау | жазбаша түрде сипаттау. |
| 2-күн | Білім беру мекемесі қызметінің мазмұны мен ұйымдастырылу қызметімен танысу | 1) Білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үдерісінің жағдайы мен ұйымдастыруымен танысу;<br>2) Пән мұғалімнің (немесе сынып жетекшінің) сабағына келу, іс-әрекеттерін бақылау.<br>3) Бақылау үшін оқушы таңдап алу. | 1) Бақылау парақтары;<br>2) Құжаттарды зерделеу;<br>3) Педагог қызметін бақылау парақтары. |
| 3-5 күн | Оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудегі сынып жетекшісі (тәрбиеші) қызметінің өзіндік ерекшелігімен танысу. | 1) Сынып жетекшісінің функционалдық (қызметтік) міндеттерімен танысу;<br>2) Сынып жетекшісінің/тәрбиешінің тәрбие /сынып сағатына қатысу;<br>3) Педагог қызметін бақылау. | 1) Ауызша есеп<br>2)Педагог қызметін бақылау парағы. |
| 3-7 күн | Білім алушыларға психология-педагогикалық мінездеме даярлау | 1) Пән мұғалімінің (немесе сынып жетекшісінің/ тәрбиешінің) сабағына қатысу;<br>2) Сынып журналын қарау;<br>3) Түрлі жұмыс барысында оқушыларды бақылау. | 1) Оқушы туралы сынып журналынан мәлімет |
| 3-7 күн | Білім алушыларды бақылау анализі | 1) Білім алушылардың психология-педагогикалық мінездемесін сипаттау | 1)Ұсынылған үлгі бойынша білім алушыларға мінездеме |
| 4-8 күн | Білім алушылар ұжымына психологиялық-педагогикалық мінездеме даярлау | 1)Тәрбие шарасына қатысу;<br>2)Сыныптан тыс шараға қатысу;<br>3)Оқу-тәрбие жұмыстарында білім алуыларды бақылау;<br>4) Пән мұғалімінің сабағына қатысу, педагог пен білім алушылардың жұмыстарын бақылау. | 1. Ұсынылған үлгі бойынша білім алушылар ұжымына мінездеме |
| 4-8 күн | Білім алушылар ұжымын бақылау анализі | 1. Білім алушылар ұжымына психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастыру | 1. Білім алушылар ұжымына ұсынылған үлгі бойынша мінездеме |
| 4-8 күн | Сабақтың психология лық-педагогика лық талдауын даярлау | 1. Пән мұғалімі сабақтарының талдауын даярлау үшін оны бақылау;<br>2. Басқа мұғалімдер сабақтарының талдауын даярлау үшін бақылау | 1. Пән мұғалімі сабақтарының талдау қағазы;<br>2. Басқа мұғалімдер сабақтарының талдау қағазы |
| 8-9 күн | Сабақтың психологиялық- | 1. Сабақтың психологиялық-педагогикалық талдауын құрастыру | 1. Үлгі бойынша сабақтың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | педагогикалық талдауы | | психологиялық-педагогикалық талдауы |
| 10-күн | Есеп даярлау | Есеп құжаттарын даярлау және тапсыру (әдістемелік құжаттарға сәйкес) | Есеп |

# 5 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА БОЙЫНША СТУДЕНТТІҢ ЕСЕП ҚҰЖАТТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Практика соңында студенттер келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

Портфолиода болуы тиіс:

1. Педагогикалық практика күнделігі (Қосымша А) https://ppu.edu.kz/ru/professionalnaya-praktika/.
2. Педагогтың іс - әрекетінің бақылау парағы (Қосымша Б)
3. Сынып жетекшесінің іс-әрекетінің бақылау парағы (Қосымша В).
4. Оқушының психологиялық-педагогикалық мінездемесі (Қосымша С).
5. Сынып сағатын өткізу бойынша бақылау парағы (Қосымша D).
6. Сыныптан тыс жұмыстың бақылау парағы (Қосымша Е).
7. Ұжымға психологиялық педагогикалық мінездеме берудің сызба-нұсқасы (Қосымша F).
8. Сабақтың психологиялық - педагогикалық талдауы (Қосымша G)

5.2 Есеп құжаттарын ресімдеу талаптары

Барлық құжаттар мұқаба парағы түссіз, титул парағы бар пластикалық скоросшивательде (тезтікпе) тапсырылады. Титул парағын басып шығарып, мұқият түрде көк сиялы қаламмен толтыру керек.

Барлық аты-жөнді толық жазып, күні мен қол қойылуы тиіс.

Барлық құжаттар қатаң түрде үлгіге сәйкес толтырылады. Компьютерде теріліп (14 rt, Times New Roman, жоларалық интервал, ені теңестірілген, азат жол - 1,25 см, өрісі: сол жағы - 3 см, оң - 1 см, жоғарғы және төменгі -2 см), А-4 қағазына шығарылып жеке файлдарға салынады және электрондық нысанда (компакт-дискіде, флэш картада) тапсырылады. Студент-практиканттар өткізген шаралар бейнежазбаларға тіркеледі және электронды нұсқада тапсырылады.

Құжаттарды ресімдеу барысында көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда қайта қарау және түзету үшін қайтарылуы мүмкін.

# ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

**Негізгі әдебиеттер**

1. Педагогическая практика: Учеб. пос. для студентов педагогических институтов / Под ред. Розова В.К. – М., 2008.

2. Крым И.А., Крецан З.В., Шульгина Н.В. Педагогическая практика: Учеб. Пособие. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 2007. – 121 с.

3. Мектептегі педагогикалық практика [Мәтін]: студент-практиканттарға арналған әдістемелік құрал / Қ.Қ. Кунапина; Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 69 б.

4. Педагогическая практика: содержание и организация деятельности классного руководителя: метод. рекомендации для студентов педвуза. – Бийск: БПГУ, 2010. – 53 с.

5. Сысоева М.Е. Педагогическая практика. Справочник : Учебно-метод. пособие / М. Е. Сысоева. - М.: Нар. образование, 2002. - 128 с. (Шифр 74/С95-872580)

**Қосымша әдебиеттер**

6. Горбатов Д.С. Практикум по психологическому исследованию. – Самара: Бахрах, 2009. – 248 с.

7. Гуревич К.М. Индивидуально-психологические особенности школьников. – М., 2008.

8. Ингекамп К. Педагогическая диагностика. – М., 2006. Кунапина, Қ.

9. Истратова О.Н. Психодиагностика: коллекция лучших тестов. – Ростов-на-Дону, 2011. – 375 с.

10. Крым И.А., Крецан З.В., Шульгина Н.В. Педагогическая практика: Учеб. Пособие. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 2007. – 121 с.

11. Леонова Е.В. Методы психолого-педагогической оценки. – М.: МИФИ, 2012. – 424 с.

12. Методика воспитательной работы: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений /Л.А. Байкова, Л.К. Гребенкина, О.В. Еремкина и др.; Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Академия, 2014. – 144 с.

13. Пашнев П.К. Психодиагностика: практикум школьного психолога. – Ростов-на-Дону, 2010. – 317 с.

14. Сластенин В.А. Психолого-педагогический практикум. – М., 2011. – 224 с.

15. Сумина Т.Г. Методика воспитательной работы: учебник для студ.вузов по напр.проф.обуч. – М.: Академия, 2014. – 192 с.

16. Шаповаленко И.В. Психология развития и возрастная психология: учебник для бакалавров. – М., 2012. – 567 с.

Қосымша Б

**Педагогтың іс - әрекетінің бақылау парағы**

Күні: ______________________________

Педагог жетекшінің аты-жөні_________________________________________________________________

Сынып: _______________________________________________________________________

Іс-әрекеттің атауы: _______________________________________________________________

Қатысу мақсаты:

| Сабақтың компоненттері | Педагогтың методикалық дайындықтың деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | Төмен | Орташа | Жоғар ы |
| Бағдарлама мазмұнының баланың жасына сәйкестілігі | | | |
| Жаңа элементтердің болуы | | | |
| Бағдарламаның материалы тәрбиелік әсері | | | |
| Гигиеналық талаптарды іс-асыру | | | |
| Сабақтардың эстетикасы (балалардың сыртқы көрінісі, топтар, аспаптар | | | |
| Көрнекі құралдарының қажеттілігі, әртүрлілігі, сапалығы | | | |
| Сабақтың кезеңдері және олардың байланысы | | | |
| Кезеңдердің ұзақтығы | | | |
| Әдіс пен тәсілдердің әртүрлілігі, олардың байланыстығы және дәлелділігі | | | |
| Балалардың назарларын жинақталу және тарту тәсілдері | | | |
| Балалардың сезімділігін және қызығушылығын арттыру тәсілдері | | | |
| Балардың өздік ойлауын белсендіру тәсілдері | | | |
| Балалардың білімдеріне сүйеніп жаңа білімдерін қалыптастыру | | | |
| Тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің қожетімділігі, логикасы және мәнерлілігі | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жұмыс барысындағы балалардың тәртібі | | | |

20__ ж.        «___» ____________

Іс-әрекетіне талдау  жүргізілетінің қолы  ____________________

Таныстым (педагогтың қолы)_______________________________

Қосымша В

**Сынып жетекшесінің іс-әрекетінің бақылау парағы**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сынып сағатының негізгі бөліктері | | | | |
| Сынып сағатының | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| негізгі қызметтері | | | | |
| Сынып сағатының негізгі міндеттері | | | | |
| Сынып сағатының өткізу түрі | | | | |
| Сынып сағатының өткізу құрылымы | | | | |

Қосымша С

**Оқушының психологиялық-педагогикалық мінездемесі**

- Оқушының аты-жөні
- Туған күні:
- Оқу мекемесінің атауы:
- Денсаулық жағдайы:
- Қызығушылықтарының бағыттылығы:

- Оқу мекемесінің қоғамдық өміріне қатысуы:
- Қатынасу мәдениеті:
- Батылдық:
- Көшбасшылық  қасиеттері:
- Сабақтардағы тәртібі:
- Үлгерімі:
- Есте сақтау қабілеті:
- Логика:
- Эмоциялық көрсеткіштері:

Қосымша D

**Сынып сағатын өткізу бойынша бақылау парағы**

| | |
|---|---|
| Сынып сағатының атауы | |
| Күнтізбелік-тақырыптық жоспары | |

| | |
|---|---|
| Сынып сағатының мақсаты | |
| Сынып сағатының міндеттері | |
| Сынып сағатын өткізу түрі | |
| Көрнекіліктер | |
| Күтілетін нәтиже | |

Қосымша Е

**Сыныптан тыс жұмыстың бақылау парағы**

| | |
|---|---|
| Сыныптан тыс жұмыстың атауы | |
| Күнтізбелік-тақырыптық жоспары | |
| Сыныптан тыс  жұмыстың мақсаты | |

| | |
|---|---|
| Сыныптан тыс жұмыстың міндеттері | |
| Сыныптан тыс жұмыстың түрі | |
| Көрнекіліктер | |
| Күтілетін нәтиже | |

Қосымша F

**ҰЖЫМҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МІНЕЗДЕМЕ БЕРУДІҢ СЫЗБА-НҰСҚАСЫ**

Ұжым туралы жалпы мәлімет:

- Сынып, сынып тізімі (жыныстық белгілері бойынша)
- Орташа жасы
- Ұжымның әлеуметтік құрамы

1. Ұжым құрылымы. Тұлғааралық қатынас:

- Ұжымды ұйымдастыратын сынып белсендісі, көшбасшы

2. Психологиялық ахуал, эмоционалды - ерікті бірлік:
   - Ұжымішілік дифференциация. Көшбасшы және олардың ерекшеліктері.
   - Ұжым тұлға аралық - қатынас, топтардың құрылуы (микро және макротоптар, кандай критерийлер бойынша бөлінеді)
   - Ұжым достық, біріккен ұжымды көрсете алады ма, жоқ па (топты тұтастық ретінде біріктіріп, сақтай отырып, барлық сұрақтарды шешуге тырысу).
   - Жауапкершілік. Ұжым мүшелерінің біріккен жұмысқа, топ алдындағы мақсаты мен міндеттеріне деген қатынасы.
   - Ашықтық. Ұжымның басқа топтарға деген немесе өз тобының жаңа мүшелеріне деген қарысм қатынасы.
3. Оқушының оқытушыларға деген қарым қатынасы.
4. Ұжымның жалпы дамуы мен үлгерімі:
   - Ұжымның мектеп жүйесіндегі және сабақтан тыс уақыттағы орны.
   - Жеке пәндерге деген қатынасы.
   - Сабақтағы белсенділігі мен жұмысқа қабілеттілігі.
   - Қатысушыларға жеке психологиялық көмек көрсету қажеттілігі.
5. Рефлексия және кері байланыс орнату.

Қосымша G

**Сабақтың психологиялық - педагогикалық талдауы**

| Мұғалімнің аты-жөні | | «+» | «-» | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың негізгі компоненттері | Сабақты ұйымдастыру.<br>Оқу мақсатының қойылуы.<br>Сабақтың критериилері.<br>Мерзімді бақылау.<br>Оқушыларды белсенді жұмыспен қамтылу.<br>Өздік жұмыс.<br>Практикалық жұмыс.<br>Сабақтың ашық құрылымы.<br>Сабақтың бірлігі.<br>Нәтижелілік. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқыту деңгейі. | | | |
| Жұмыстың түрлері мен әдістері. | • Проблемалық – ізденушілік әдістер<br>• Түсіндірмел і- көрнекілік әдістер.<br>• Жаңа заманауи әдіс -тәсілдер.<br>• Жеке саралау әдісі.<br>• АКТ қолдану. | | | |
| Тұлға | 1. Сыныпты басқару қабілеті.<br>2. Жеке мәдениеті.<br>3. Педагогикалық такт.<br>4. Эрудиция.<br>5. Оқушылармен қарым - қатынастар. | | | |
| Мұғалімнің кәсіптік - әдістемелік шеберлігінің деңгейіне бағалау<br><br>(Өте жоғары,  жоғары, орташа, орталықтан төмен, төмен) | | | | |